

Жылыой ауданы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Атырау облысы Жылыой ауданы әкімдігінің 2026 жылғы 14 тамыздағы № 241 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 17 тамыздағы № 39605 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабының 1-тармағына сәйкес Жылыой ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Жылыой ауданы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Жылыой ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жылыой ауданы әкімі

Ж. Каражанов

Жылыой ауданы әкімдігінің

2026 жылғы 14 тамыздағы

№ 241 Қаулысына қосымша

Жылыой ауданы әкімдігінің күші жойылды деп танылған кейбір қаулыларының тізбесі

1. "Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру және мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" Жылыой ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 18 мамырдағы № 195 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3543 болып тіркелген);

2. "Жылыой ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 18 мамырдағы № 195 "Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру және мәдениет саласындағы мамандарға лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" қаулысына толықтырулар енгізу туралы" Жылыой ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 21 қарашадағы № 441 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4007 болып тіркелген);

3. "Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру және мәдениет саласындағы мамандарға лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" Жылыой ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 18 мамырдағы № 195 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Жылыой ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 20 мамырдағы № 128 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28171 болып тіркелген).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК